

"1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 наурыздағы N 293 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы 1995 жылғы 10 ақпандағы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Ашхабадта 2007 жылғы 22 қарашада қол қойылған Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы 1995 жылғы 10 ақпандағы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1.1. Келісімнің атауындағы "Тексеру" деген сөзден кейін "калибрлеу, салыстыру" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

1.2. Кіріспенің үшінші абзацы "өндіру, тексеру" деген сөздерден кейін "калибрлеу, салыстыру" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

1.3. 2-бап "Тексеру" деген сөзден кейін "калибрлеу, салыстыру" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

1.4. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын: "Осы Келісім оған 1992 жылғы 13 наурыздағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімге қатысатын басқа мемлекеттердің депозитарийге - Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының Атқарушы комитетіне осындай қосылу туралы құжаттарды беру жолымен қосылуы үшін ашық."

1.5. Келісім мынадай мазмұндағы 7-баппен толықтырылсын: "Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамамен ресімделеді.", тиісінше келесі баптардың нөмірін өзгертіп.

2. Осы Хаттаманы түсіндіруге немесе қолдануға байланысты даулар мен келіспеушіліктер, егер Тараптар басқа туралы уағдаласпаса, келіссөздер мен консультациялар жүргізу жолымен шешіледі.

3. Осы Хаттама мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

2007 жылғы 22 қарашада Ашхабад қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін
Армения Республикасының
Үкіметі үшін
Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін
Грузия Үкіметі үшін*

*Молдова Республикасының
Үкіметі үшін
Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін
Түрікменстан
Үкіметі үшін
Тәжікстан Республикасының*

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін
Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін
Украина Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ